

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№307

2015 жылғы 27 мамыр

**«Ақтөбе облысының энергия үнемдеудің 2012-2015 жылдарға арналған Кешенді жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі №114 шешімінің орындалу барысы туралы**

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бақармасы басшысының орынбасары А.Б.Бекниязовтың хабарламасын тыңдап және талқылап, облыста энергия үнемдеудің 2012-2015 жылдарға арналған Кешенді жоспардың іс-шараларын жүзеге асыру бойынша шаралар қабылданып отырғандығын облыстық мәслихат атап көрсетеді.

2015 жылдың екінші тоқсанынан бастап шаралар жоспарын орындау шеңберінде 5,4 млн.кВт электрокуат, 4467 Гкал жылу энергиясы және 1 160 м<sup>3</sup> табиғи газ үнемделді. Аталған энергия үнемдеу, келесідей іс-шаралардың нәтижесінде қол жеткізілді.

«Жаңажол ГТЭС» ЖШС-де 16 Мвт-тық газтурбиналық қондырғының пайдаланылған газдың жылуын қайта өңдеу кешенімен 5 Мвт-тық жобасы орындалды. Бүгінгі күнге 16 Мвт газтурбиналық қондырғы үшін машина құрылыс залы салынуда.

ЖГТЭС ғимараттарының терможаңғыртуы толық аяқталып, энергия үнемдейтін қыздыру шамдары ауыстырылды.

«Ақтөбе ТЭЦ» АҚ электр қозғалтқыштар тетіктерін жиілік бақылау жүйесін орнатуды жүргізуде.

«Трансэнерго» АҚ 2015 жылдың 3 тоқсанында, тарифте қарастырылған қаражат есебінен, жеті қазандыққа режимді-жөндеу жұмыстарын өткізуді жоспарлап отыр. Қазандық қондырғыларына отынның шығының есептейтін заманауи аспаптар толығымен орнатылған.

Жылдың басынан бастап Ақтөбе облысының аудандарында «Энергосистема» ЖШС жалпы ұзындығы: 167 шақырымды құрайтын 35 кВт. әуе желісін жаңғырту және ауыстыру бойынша жұмыстарды жүргізуде.

Кешенді жоспарға сәйкес : Ақтөбе қаласының Новый көшесінде жалпы ұзындығы 3,06 шақырымды, Әйтеке би ауданының Құмқұдық ауылында - 9 шақырымды, Байғанин ауданының Қарауылкелді – Жарқамыс ауылдарында - 117,7 шақырымды, Бірғыз ауданының Тәуіп – Жайсанбай ауылдарында- 3 шақырымды, Мәртөк ауданының Мәртөк ауылында - 3,9 шақырымды, Шалқар ауданының Тұмалыкөл ауылында 5 шақырымды құрайтын әуе желілері ауыстырылды.

Сумен қамтамасыз ету кәсіпорындарында да энергия үнемдеу бйынша жұмыстар атқарылуда. «Ақбұлақ» АҚ 2015 жылдың басынан энергия қорын тұтынуды үнемдеуді орта есеппен 10% пайызға дейін қол жеткізді.

Құндақтықыр және 41-ші разъездегі, Жаңақоңыс ауылындағы су тоғандарында сорғы жабдықтарын және су құбырларын жаңғырту жұмыстары аяқталды. Сорғы жабдықтарын жаңғырту шаралары бойынша үнемдеу – 11% құрады. Сондай-ақ, 2-ші көтермедегі Тамды су тоғандарында сорғы бекеттері қайта жаңартылды.

2020 жылға дейін өңірлерді дамыту бағдарламасы шеңберінде Ақтөбе қаласындағы 6 көпқабатты тұрғын үйлерді қайта жаңғырту үшін 142 млн.теңге қаражат бөлініп, шатырлары, лифттері, сыртқы қасбеттері мен инженерлік желілері ауыстырылды немесе жөнделді.

Қалпына келетін электр қуаты көздерін енгізу бойынша жұмыстар облыста жоспарлы жүргізілуде. Облыс әкімдігі «Arm Wind» ЖШС бірге жалпы қуаттылығы 48 МВт. жел паркін жобалау және салу жөніндегі ниетпен меморандум жасалды. 2015 жылдың мамыр айында мемлекеттік сараптама техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) мақұлдады. Жобаның құрылысын бастау 2016 жылға жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, 17 білім беру мекемелеріне, 5 денсаулық сақтау және 2 мәдениет нысандарына энергоаудит өткізуге, сондай-ақ «Ақтөбе ТЭЦ» АҚ техникалық регламент бойынша қайта жаңарту және жаңғырту үшін қаржат бөлу мәселелері бар.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы №1404 Қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының энергия тиімділігін арттырудың 2012-2015 жылдарға арналған кешенді жоспарының 25-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары А.Б.Бекниязовтың «Ақтөбе облысының энергия үнемдеудің 2012-2015 жылдарға арналған Кешенді жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі №114 шешімінің орындалу барысы туралы» хабарламасы назарға алынсын.

2. «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ көпқабатты тұрғын үйлердің электр жарығы және электрмен жабдықтау желісін автоматты түрде айыру аспаптарын орнату, сондай-ақ жылу бекеттерін, жылу жүйесі және ыстық сумен жабдықтауға есептеу аспаптарын орнату, энерготасымал шығындарын реттеу және бақылау жүйелерін жаңғырту жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.

3. Ақтөбе қаласы және аудан әкімдеріне ұсынылсын:

- 2012-2015 жылдарға арналған энергоүнемдеу жоспарын жүзеге асыру мәселесін тұрақты бақылау;

- энергоүнемдеу бойынша кәсіпорындар мен шаруашылық субъектілеріне энергетикалық зерттеу жұмыстарын (энергоаудит) жүргізу жұмыстарын жалғастыру.

4. «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, «Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ (Р.Ә.Айдашева) және «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ (А.О.Дәулетова) бірге 2015-2017 жылдарға арналған бюджетті нақтылау барысында 16 білім, 5 денсаулық және 2 мәдениет нысандарына энергоаудит жүргізуге қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

5. Басқарма басшыларына, Ақтөбе қаласы және аудан әкімдеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға Кешенді жоспармен қарастырылған іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасарына (М.С.Жұмағазиев) және облыстық мәслихаттың өңірлік және салалық дамыту жөнінде тұрақты комиссиясына (Б.Қ.Аманбаев) жүктелсін.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**В. ЩЕГЕЛЬСКИЙ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**